

# Өзімнің еңбегіммен балаларыма үлгі болғым келеді

дейді Соснов ауылдық округінің әкімі Тасмұхаммет Тасбаев

Ерең еңбегімен еліне үлгі болған, көптің құрмет-қошаметіне бөленген нағыз еңбек майталмандарының ордасы Соснов ауылдық округінің тыныс-тіршілігі көпке үлгі.

Бүгінгі таңда аталмыш округтің қарамағында 6 шағын ауыл яғни, 1908 тұрғын. Ауылдың әлеуметтік-экономикалық дамуына зор үлес қосып, ауылшаруашылығы саласында жақсы көрсеткіштерге қол жеткізіп отырған жергілікті «Агрофирма Қарқын», «Родник», «Каменскуральск» ЖШС-рі және «Уакбаев», «Родник», «Лесков» шаруа қожалықтары.

2019 жылдан бастап округ әкімі қызметіне тағайындалған туған елдің түлегі Тасмұхаммет Тасбаев аталмыш уақыт ішінде еңбекке етене араласып, тұрғындардың ықпалына бөленді. Тасмұхаммет Нұрғожаұлы 1984 жылы Боровской ауданының Харьков ауылында еңбекқор әрі көп балалы жанұяда дүниеге келген. Әкесі өмір бойы механизатор болып жұмыс істеген, анасы қарапайым



еден жуушы болыпты. Осындай адал еңбекпен, маңдай термен келген деңгейге жеткен Тасмұхаммет Нұрғожаұлы еңбекке жақын әрі оны бағалап ер жеткендігін жасырмады. Үйдің кенжесі болғанымен өмір оны еркелете қоймаса керекті, мектеп қабырғасында оқып жүргенде әкесі дүниеден озса, жоғары

оқу орнының 2 курсына оқып жүргенде анасынан да айырылып қалады. Дегенменен, еңбектің наны тәтті дегенді естіп өскен Тасмұхаммет Нұрғожаұлы 2006 жылы ҚР ӘМ Академиясын ойдағыдай аяқтап, қолына дипломын алған. Алғашқы еңбек жолын Меңдіқара АІП-нен бастап, жақсы жетістіктерге қол

жеткізеді. 2016 жылдан бастап Первомай ауылдық округі әкімдігінде бас маман қызметін атқарып, 2019 жылдан бастап бүгінгі Соснов ауылдық округінің әкімі қызметіне тағайындалған.

Өз ісіне мығым, ауыл тұрғындарының мәселесін жергілікті шаруашылық басшыларымен бірле-

се отыра шешіп, әрбір тұрғынның қолайлы өмір сүруіне қолдан келген шараны жасап отыр. Биылғы жылы ауыл орталығын көгалдандыру-көріктендіру жұмысы бойынша орталық саябақ, көшелерге жөндеу жұмыстары жүргізіліпті. Сондай-ақ, ауылдың басты мәселесі ауыз судың төлем бағасын төмендетуді қолға

алған ауыл әкіміне тұрғындар дән риза.

Тасмұхаммет Нұрғожаұлының хоббиі спортпен шұғылдану, соның ішінде футбол ойынын ерекше жаңы сүйеді. Қазіргі күні жергілікті ауыл жастарының басын қосып, салауатты өмір салтын қалыптастыру бағытында да бірқатар жұмыстар атқаруда.

- Мемлекеттік қызметтің орны бір бөлек, жауапкершілігі зор. Бос уақыт бола қалғанда, демалысты тек отбасыма арнаймын. Жолдасым Құлтай Халыққа қызмет көрсету орталығының қызметкері, балаларымыз Амірәли мен Алинұр мектеп оқушылары. Өзімнің еңбегіммен, адалдығыммен балаларыма үлгі болғым келеді. Оларды да спортқа баулып келемін. Спорт салауатты өмір салты, сондықтан дені сау ұрпақ ұлт болашағы дегенді қолдаймын, - дейді өз тәжірибесімен бөліскен Тасмұхаммет Нұрғожаұлы.

Ауылға көрік беріп, қашанда туған еліне, жеріне қызмет етуден тайынбайтын азаматтар барда біздің болашағымыз жарқын екеніне кәміл сенуге болады.

**Қымбат  
НАҒАШЫБАЙ**